




**БАЛАҒА
ЖАСАЛҒАН
ҚАМҚОРЛЫҚ
ЗАЯ КЕТПЕЙДІ**

2-бет



**АЛАЯҚТЫҚ:
ҚЫЛМЫСТЫҢ
ӨТЕУІ АУЫР**

6-бет



**«АТАМАННЫҢ
АҚЫРЫНЫҢ»
АСТАРЫ**

8-бет

ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№12 (3543) 14 ақпан 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТАҢДАУ ЖАСАУДА ҚАТЕЛЕСПЕЙІК!



Мәжіліс пен мәслихат депутаттығына кандидаттарды тіркеу 20 қаңтарда басталып, 18 ақпанда жергілікті уақыт бойынша сағат 18-де аяқталады. Кандидаттарды ұсыну 20 қаңтарда басталып, 8 ақпанда жергілікті уақыт бойынша сағат 18-де аяқталды.

Мәжіліс депутаттарының 70 % және облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар мәслихаттары депутаттарының жартысы партиялық тізім бойынша сайланады. Олардың құқығы саяси партияларға тиесілі. Мәжіліс депутаттарының 30 пайызы және аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттарының барлық депутаттары бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады. Оларды ұсыну құқығы: саяси партияларға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ, жарғыда тиісті өкілеттік көзделген жағдайда олардың құрылымдық бөлімшелеріне (филиалдары мен өкілдіктеріне) тиесілі азаматтар өзін-өзі ұсыну.

(Соңы 3-бетте)

СӨТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Ералы ШОҚБАРОВ,
Қазақ құрылыс және сәулет
ғылыми-зерттеу және жобалау
институтының өндіріс жөніндегі
басқарушы директоры:

«СЕЙСМИКАЛЫҚ АЙМАҚТА ҚАРЖЫ ЕМЕС, ҚАУІПСІЗДІК БАСТЫ ОРЫНДА»

– Ералы Мейрамбекұлы, Түркия мен Сириядағы жер сілкінісінен кейін сіз жетекшілік ететін институттың жұмысына деген қызығушылық күрт өскен сияқты. Көпшілікті не қызықтырып жатыр?

– Зілзала болғаннан кейін бұйту керек еді, сүйту керек еді деген дұрыс емес. Апаттың алдын алу керек. Бұл жұмысты біз күнделікті жасап отырымыз. Әрдайым зілзала кезінде қапы қалмас үшін алдын ала құрылыс нормаларына түрлі өзгерістер енгізіп отыруға тырысамыз. Әрине мына жағдайдан кейін біздің жасап жатқан ғылыми жұмысқа билік органдары мен мекемелер бұрынғыдан да көбірек көңіл бөлетін шығар деп ойлаймыз. Мәселен, 2010 жылы құрылыс саласында Еурокодты енгізу бойынша реформа жүрді. Оны бірден енгізген жоқпыз. Құрылыс жобасында жұмыс жасайтын конструктор, архитекторлардың нормамен танысуына 5 жыл уақыт бердік. 2015 жылға дейін құрылыс нормалары жасалынып, 2015-2020 жылдары бейімдеу жұмысы жүргізілді. Ал 2021 жылы ескірген барлық құрылыс нормаларының күші жойылды. Сондай-ақ, біз тек құрылыс нормасына өзгеріс енгізіп қоймай, түрлі халықаралық ғылыми конференцияларға қатысамыз. Онда өз жұмысымызды басқа елдермен бөлісіп, олардың жасап жатқан дүниелерінің керегін өзімізге аламыз. Атап айтқанда, бізде 7 ақпанда «Сейсмикалық аймақтағы индустриалдық құрылыс» деген тақырыпта халықаралық конференция өтті. Оған ТМД мемлекеттерінен ғана емес, АҚШ, Италия, Германия, Түркия сияқты мемлекеттерден де спикерлер шақырдық. Бүгінгі таңда сейсмикалық аймақтағы құрылыстың бәрі Еурокод-1998 құрылыс нормасына негізделген. Жаңа нәрсені енгізген кезде бізде күмәнданушылар да болды.

– 2000 жылдан бері еліміздегі тұрғын үй бағасы 20 есеге жуық қымбаттауына құрылыс саласына енгізілген еурокодтың әсері бар ма?

– Бұл еурокодтың әсері деп ойламаймын. Әлем бір орнында тұрған жоқ қой.

(Соңы 5-бетте)

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

«ЗАҢҒА ТҮСІНІКТЕМЕ» ЕРІККЕННІҢ ЕРМЕГІ МЕ?

«Заң газетінің» өткен сандарының бірінде «Заңның аудармасына атүсті қарамаған абзал немесе мемлекеттік награда қалай мемлекеттік әшекейге айналды» деген атпен мақала жарық көрген болатын. Мақала авторлары запастағы полиция генерал-майоры М.ҚЫЗЫЛОВ пен запастағы полиция полковнигі Е.СЕРІМОВ жазған мақала Заңнама және құқықтық ақпарат институтының порталында жарияланған Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне берілген түсініктемеге базына айтылған.

«Заңның қазақ тілінде жасалған нұсқасы жиі қолданылмайды деп оны осынша деңгейде қорлауға бола ма?» деп ашынған авторлар реніші орынды. Өйткені, түсініктеме пайдаланушыға жөн көрсетпейді, керісінше шатастырады. Түсініктемедегі «қылмыстық» деген сөз расында «правонарушение» деген сөздің

баламасы емес. Бұл біріккен сөз ресми түрде лексиконымызға құқықбұзушылық деп кіргелі қашан. Терминология комитеті де осылай бекіткен. Бірақ түсіндірмені дайындаған жиырма заңгер құжатта «қылмыс» деп бір емес, 816 рет атаған. Сол секілді «награда» деген сөздің де терминологиялық комитет бекіткен «мара-

пат» деген баламасы бұрмаланып, «әшекей» деген атаумен ұсынылған. Біздің мәртебелі заңгерлер қауымы мұны білмей ме, әлде білгісі келмей ме? Әлде расында мақала авторлары айтып отырғандай қазақтілді нұсқасы сирек қолданылады деп ойлай ма? Егер соңғысы болса, шетелден келген қандастар мен ауылдан шыққан отандастарымызды мүлде адам санатынан шығарып тастағаны ғой. «Ет сасыса тұз себеміз, тұз сасыса не себеміз» дегендей бұған не айтарымызды білмей тұрмыз. Басқалар осындай шаруа істеп жатса білмеді ғой дерміз. Ал заңгерлердің заңға қайшы әрекетін қалай ақтауға болады?

Ең таңқаларлығы, шалажансар түсініктеме мұндай қателікке жол бермеуі тиіс,

заңдылықтың сақталуына мүдделі болуы тиіс «Заңнама және құқықтық ақпарат институтының» порталына қалай жарияланған? Қалайша бір сәтте миллиондаған адам кіріп, ақпарат іздейтін портал материалы назардан тыс қалған? Осы сұрағымызды мекеме басшысы Рамазан Сәрпековке қойған едік.

Оның айтуынша, бұл түсініктеме Әділет министрі Марат Бекетаевтың басшылығымен атқарылған жұмыс. Яғни, оны порталға осы министрлік жанындағы Заң департаментінің бастығы ресми хатпен жолдаған соң 2021 жылы 12 желтоқсанда жарияланған. Порталға жылына 50-60 түсініктеме жарияланады. Оның базасында қазіргі таңда 1 млн 300 мыңға жуық мәлімет бар. Олардың мазмұнына тек авторлар жауап береді. Қазір осындай түсіндірмелерді олар кітап етіп басып, шығарып, сата алады. Ал Заң шығару және құқықтық ақпарат порталында олар тегін шығарады. Сондықтан бұған Әділет министрлігі де Заң шығару және құқықтық ақпарат институты да емес, авторлар жауап береді.

(Соңы 2-бетте)

БАЗЫНА

Қайран қазағым тіліңмен, діліңмен қоса құрып барасың. Ұлттың тіл жанашырлары 35 жылдан бері шырылдап та, шыңғырып айтудай-ақ айтып та, жазып та келеді. Өзгеріс, нәтиже жоқтың қасы. Биліктегілер әне-міне, анау-мынау деп көңіл аулаған болып алдарқатып келеді. Нақты шара жоқ.

болшағына сенім жоқ. Себебі, биліктегілер қазақ тілін қолдамайды. Бұл туралы айтыла-айтыла жауыр болды.

Екіншіден, судьялыққа қызығушылық жоқ. Судьяларда еркіндік жоқ. Судьялардың басқан ізі, сөй-

мелері өте ауыр. Бірқатар судьялық орындар бос тұр. Жауапкершілігі жоғары, мемлекеттің атынан үкім шығаратын судьялардың жалақысы биліктегілердің жалақыларымен салыстыруға келмейді.

Соттар да жарлы. Қажеттіліктерінің бәрі-бәрін жоғарыдан өлшеп, санап, түйірлеп шөміштеп қысып береді. Маңғыстау облыстық сотының құрылғанына жақында елу

бергенде өте жақсы болатын еді. Ол болмады. Өкінішті-ақ.

Әлі де талай-талай жүйелі жиындар мен конференциялар өтер. Солардың қатысушыларына арнап сол үш ұсынысты жариялауды жөн көрдім.

Бірінші ұсыныс: Ата Заңның 7-бабының 2-бөлімін алып тастау. Бұл туралы жеткілікті дәрежеде айтылып та, жазылып та жүр.

Екінші ұсыныс: Ассамблеяны тарату. Осы ассамблея кімге, не үшін керек? Неге олар жергілікті халықтан артық құқыққа ие болып, халықтың байлығын тегін сора береді. Форт-Шевченко қаласында жергілікті қазақтар құрметтеп Витеке деп атайтын Виталий Водовской деген кісі балық-консерві комбинатының көп жыл директоры болды. Жарлы-жақыбайлар бірдеңе сұрай келсе көңілдерін қалдырмайды екен. «Витеке, өзі жетпей жатқан аз дүниені неге бере бересің?» – деп қасындағылар сұраса: «жігіттер, қайтеміз енді, өзіміздің қазақтар ғой» дейді екен.

Келімсектер Қазақстанды, қазақтардың тілін, ділін, ұнатып, мойындаса, «өзіміздің Витекең» дегендей аралас, ниеттес өмір сүре берсін. Өздері дұрыс болса, оларды шеттетіп қуып жатқан ешкім жоқ. Ұнатпаса отандарына кетсін. Бәрінің де отаны бар.

Үшінші ұсыныс: Биліктегілер түгелдей Қазақстанда да, шетелдерде де жиналыстарда баяндамаларын қазақша жасасын. Түсінбейтіндер үшін ілеспе аударма пайдалансын. Өздерінің қазақ елінің азаматы екенін көрсетсін.

Итемген ОРЫНБАЕВ,
Тыл ардагері,
ҚР Журналистер одағының мүшесі.
Маңғыстау, Бейнеу аудандарының, Жаңа Өзен қаласының «Құрметті азаматы», Судьялар қауымдастығының мүшесі, Сот жүйесінің ардагері

ТАҒЫ ДА ТІЛ ТУРАЛЫ

100 жылдан аса уақыт шетелдерде тұратын қандастарымыз бірде-бір қазақша мектебі, газет шығаратын, кітап басатын баспаханасы болмаса да, қазақша мемлекеттік шаралар өтпесе де, ата-бабаның тілінде өте әдемі сөйлейді. Қандай керемет ұлтжандылық. АҚШ-тың Вашингтон қаласындағы қазақтар өз қаражаттарына тілін, дәстүрін ұмытпау мақсатында қазақ мектебін салып жатқан көрінеді.

Қазаққа қазақша білу үшін ешқандай заңның қажеті жоқ. Кеудесінде ұлттық намысы болса 2-3 айда таза меңгеріледі. Өзге ұлттардың арасында туып өскен малшының баласымын. 35 жыл судья, сот төрағасы болдым. Маңғыстаудың елсіз тауларынан сұңқар аулаған, қазақша да, орысша да білмейтін араб азаматы қазақша соттағаным бар. Тілмаштыққа бірінбірі түзетіп, толықтырсын деп арабша сабақ беретін 3 оқытушыны қатыстырдым. Үкім күшіне енді. Адам талаптанса қолынан бәрі келеді.

«Заң газетінің» 20.12.2022 ж 101-санында тіл мәселесіне қатысты Маңғыстау облыстық сотының

алқа төрайымы Гүлажар Бақытжанованың және сол газетте Жоғарғы Соттың судьясы Досжан Әмірдің де көлемді мақалалары жарияланды. Соттарда қазақ тілін қолданудағы кемшіліктер молынан кездеседі. Ол кемшіліктерді қайталаудың қажеті жоқ. Ынталы адамдар оқыды. Жоғарғы Сот пен М.Нәрікбаев атындағы қазақ гуманитарлық университеті ұйымдастырған «Құқық жүйесіндегі қазақ тілінің мәселелері және оларды шешу жолдары» деген тақырыпта конференция өтіпті. /Заң газеті 27.12.2022 номері 103/ Оған көптеген жоғары лауазымды ғалымдар мен мамандар қатысқан. Жоғарғы Соттың төрағасы А.Мерғалиевтың, алқа төрағасы Н.Шәріпов баяндамаларында қазақ тілін қолданудағы кемшіліктерді жан-жақты толық зерделеп, мән беріп, дәлелдеп, бұрынғы ғұламалардың даналық пікірлерімен көркемдеп, тіл жанашырларының көңіліндегі қыжылды дөп басып, жан-жақты талқылап, ол кемшіліктерді шешу жолдарын да атап көрсетті.

Мен сот жүйесінің ардагері, қазақ тілі мен ділінің жанкүйері ретінде осыншама еңбек, жағымды жақсы пікірлер бұрынғы сансыз реформалар сияқты сұйылып кете ме деп қауіптенемін.

Біріншіден, қазақ тілін білмейтіндердің, білгісі келмейтіндердің, білсе де қазақ тілін қолданбайтындардың



леген сөзі, бәрі-бәрі бақылауда, камера, компьютер, телефон, ЖПС, бәрі қосылуы.

Үшіншіден, судьялар жарлы. Жарлы болғандықтан қайырсыз. Қайырсыз болғандықтан-имансыз. Имансызға құдайдың да, адамның да сенімі жоқ. «Қанша шешен болса да, дауға салма малсызды» деген. Бірқатар судьялар қызметтік деп берілген тар, ескірген үйлерде тұрады. Бірқатары автокөліктер тасқынының арасымен балаларын балабақшаға, мектепке жаяу сүйрелеп жүреді. Судьялардың жүкте-

жыл болады. Әлі күнге дейін ғимараты жоқ. Әркімдерден ауысқан, жабдықталмаған ғимараттарға бірін-біріне көшіп жүргені. Аудандық, қалалық соттардың ғимараттары туралы айтпаса да түсінікті болар. Біреулер асып-тасып жатқанда сотқа арызданып келген жесір әйелге ере келіп, жылап тұрған тірі жетім балаға бір ұыс конфет беріп жұбатпағанда жармаған соттарда бедел бола ма?!

Конференцияға қатысушылар түгелдей қолдап, қол қойып Президентке төмендегідей үш ұсыныс

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

ДАУДЫҢ ТҮБІ ДӘЛЕЛДЕМЕГЕ ТІРЕЛЕДІ



Ринат ҚҰРМАНҒАЛИЕВ,
Алакөл аудандық № 2 сотының төрағасы

Ата Заңымыздың 75-бабында «Қазақстанда сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады» деп анық жазылған. Бұл судьяларға жауапкершілік жүгін еселеп арттыру ғана емес, ар тазалығын да сеніп тапсыру. Сондықтан әр іспен мұқият танысу, сараптап, теория мен тәжірибе таразысына салу төл міндетіміздің бірі.

Қарапайым ғана бір мысал, ҚР ӘҚБтК-нің 765-бабы «Дәлелдемелер» деп аталады. Даудың түбі дәлелге тіреледі. Сол дау-дамайдың дұрыс шешілуі дәлелдің нақтылығына байланысты. Заңнаманың 765-бабы 1-тармағында «Жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан судьяның немесе органның (лауазымды адамның) осы кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік құқықбұзушылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттің болғанын немесе болмағанын, өзіне қатысты

әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлғаның осы іс-әрекетті жасағанын немесе жасамағанын, осы тұлғаның кінәлілігін не кінәсіздігін анықтауына негіз болатын заңды түрде алынған нақты деректер, сондай-ақ, істің дұрыс шешілуі үшін маңызы бар өзге де мән-жайлар әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша дәлелдемелер болып табылады» – деп жазылған. Бұл нақтылықты анықтап берген заң талабы. Бірақ оны әркім әрқалай түсініп жүр және іске қатысты дәлел деген болжамын заңдық күші әлдеқашан жойылған фактілер арқылы ұсынып, тіпті өзеуреп өткізуге әрекет етеді.

Дәлелдеме ретінде ғылыми-техникалық құралдарды пайдалану арқылы алынған деректер пайдаланылуы мүмкін. Осы тұста ескеретін жайт – тараптардың бірі қызмет орнын, мүмкіндіктерін пайдаланып қандай да мекемеден құжаттарды жинауы заңсыз. Бұл әкімшілік құқық бұзушылық кодекстің талаптарын өрескел бұзу. Рас, талап арыз берушіге бұл заңдылық психологиялық тұрғыда әсер етуі мүмкін. Заңсыз жолмен алынған ақпарат сотта жарамсыз. Ақиқат сотта ашылады, осы ретте соттың әділдігі көрінеді. Сот отырысында судья жалған деректердің іс процесіне тек кедергі екендігін жеткізеді. Тәжірибелі судья оның аражігін бірден ажыратады. Сот процесінің алдындағы сот тыңдауына тараптар міндетті түрде барып, қатысу қажет. Кейде өзінбілемдікке салынып, сот тыңдауына бармай бірден сот процесіне қатысатын жандар бар. Олар көп ретте іске қатысты қателіктер жібереді. Сот отырысының алдындағы сот тыңдауында судья процеске қатысатын адамның құқықтары мен міндеттерін түсіндіретінін ескерген жөн. Нақты деректерді дәлелдемелер ретінде пайдалануды судья өз ұйғарымымен немесе процеске қатысушылардың өтінішхаты бойынша белгілейді.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚ

Алаяқтар қай кезде де азайған емес. Халықтың сенімімен ойнап, жеңіл табыс табуға бейімделген олардың «мемлекеттік бағдарламамен үй алып беремін, балаңды грантқа түсіруге көмектесемін, айлығы жоғары жұмысқа тұрғызу қолымнан келеді» деген «ертегісіне» әлі күнге сенетіндер көп.

САУАТСЫЗДЫҚ САН СОҚТЫРАДЫ

Соңғы кезде өзгенің есебінен күн көруге машықтанған қылмыскерлер ғаламтордың мүмкіндігін кең пайдалана бастады.

Интернет-алаяқтық – бүгінгі заманда ең жиі кездесетін қылмыстың түріне айналды. ІІМ дерегінше, пандемия кезінде Қазақстанда интернеттегі алаяқтық қылмыстар саны 2 есе өскен. Себебі, тұрғындардың басым бөлігі қазір ғаламторда отырады. Жаңа заман талабына сай барлық қызмет онлайн форматқа көшкен. Әсіресе, нарықта, сауда-саттықта қашықтан қызмет ету әдісіне жүгінетіндер көп. Қалай айтсақ та қызметті онлайн алу бәрімізге тиімді. Бұл бүгінгідей уақыттың бағасы артқан заманда әрқайсысымызды бір зат үшін базар жағалап, дүкен аралау әуресінен құтқарады. Ғаламторда өзін қалаған сападағы, өзінің қаржылық мүмкіндігіне сай бағадағы тауар мен қызметті табу оңай. Бірақ, таңдау жасаған ғаламтор парақшасының артында интернет-алаяқтардың отырмасына кепілдік жоқ. Компьютер, смартфон, планшеті бар кез келген адамның кез келген уақытта ақпараттық жүйенің, соның ішінде интернет-алаяқтардың құрбанына айналу мүмкіндігі артуда. Сондықтан бұл жерде сақтық амалдарын жасау кезек күттірмейді.

Ғаламтордағы алаяқтардың қармағына түспеу үшін азаматтар ең алдымен жеке деректерін, құжаттарына қатысты құпия мәліметтерді ешкімге бермеуі керек. Онлайн несие рәсімдеп, сырттай ақша аударымдарын жасауға машықтанған алаяқтарға

төлқұжат пен банк карточкасының деректері болса болғаны. Соның ішінде әр түрлі банктердің қызметкері ретінде танысып, біреудің жеке шотындағы қорыққан қаржыны басқа шоттарға аудартып, ізім-ғайым жоғалтатын баршылық. Телефонның ар жағында тұрып жанашырлық танытқан «банк қызметкерінің» қауіпсіздік үшін басқа шотқа аудару тұрыңыз дегеніне алданып, өз қаржысын саналы түрде басқалардың басқаруына бергендер жиілеп барады. Осының өзі алаяқтардың сенгіш азаматтарға алыстан-ақ айтқанын орындата алатын «шеберлігін» көрсетеді. Дер кезінде құзырлы органдарға хабарласқанымен, алаяқтардан ақшасын өндіре алмай жүргендердің қайғысы ұқсас.

Интернет-алаяқтарды анықтау, қылмыскерлерді құрықтау құзырлы органдарға да оңай болып отырған жоқ. Ал соттар мұндай қылмыстарды таразы басына салғанда Қылмыстық кодекс пен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы №6 «Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» деп аталатын нормативтік қаулысын басшылыққа алады. Осы нормативтік қаулының 9-тармағында ақпараттық жүйені пайдаланушыларды Qiwiқошелек, интернет-банкінг және т.б. арқылы алдағандар әрекетіне нақты баға берілген. Соған сәйкес, өзінің қылмыстық пиғылын іске асыру мақсатында ақпараттық жүйеде көрінеу жалған мәліметтерді немесе бағдарламаларды орналастыру жолымен ақпараттық технологиялар (компьютер, ком-

пьютерлік бағдарламалар, Интернет, ұялы телефон және т.б.) арқылы жасалған, ақпараттық жүйені пайдаланушының мүлкін немесе мүлікке құқығын иеленуге бағытталған пайдаланушыны алдау немесе оның сенімін теріс пайдалану жолымен жасалған әрекет те – интернет-алаяқтық деп танылады.



Жайық ЖАНБОЛАТОВ,
Қонаев қаласының сотының төрағасы

Дегенмен, интернет-алаяқтыққа қатысты жазаны әлі де нақтылап, жетілдіру мәселесіне назар аударыла бастады. Соған орай «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерін оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заң жобасы жасалған. Жоба қазір Ашық НҚА порталында жарияланған. Заң жобасында Қылмыстық кодекстің 190-бабына, яғни интернеттегі алаяқтық қылмыстар бойынша өзгерістер енгізу көзделген. Бұл халықты интернет-алаяқтардан қорғауға көмектеседі деп сенеміз.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Құрылыс материалдарының қымбаттауы бізде ғана емес, дүниежүзінде болып жатыр. Оның бірден бір себебі – пандемия. Еурокодты енгізу құрылыс саласын қымбатшылыққа әкелді деуге болмайды.

– Құрылыс саласына қатысты мамандарды 40-қа жуық жоғары оқу орны дайындаса да, еліміздегі сейсмология және сейсмологиялық қауіпсіздік мәселесімен айналысатын сарапшылар мен ғалымдар тапшы. Бұл мәселеге қатысты көзқарасыңыз қандай?

Еліміз кеңес дәуірінен келе жатқан ғылыми кадрларды дайындау жүйесінен бас тартып, Боллон жүйесін енгізген соң 2010 жылдан бастап құрылыс саласындағы ғалымдарды дайындауда үлкен үзіліс пайда болды. Ондағы ғылыми кеңес тек былтыр ғана қайта ашылды. Сондықтан біздің мамандарымыз ғылыми дәрежесін Қырғызстан, Беларусь, Ресейге барып қорғап жүрді. Маман тапшылығына сай өзіміз де оқу орындарында сабақ береміз. Бұл үшін Алматыдағы Қаныш Сәтбаев атындағы Ұлттық техникалық университет пен Қазақтың бас сәулет-құрылыс академиясымен қарым-қатынас жасаймыз. Ондағы студенттер бізде тәжірибеден өтеді. Өзім де олардың диплом, ғылыми-зерттеу жұмысына жетекшілік жасаймын. Қажетті мамандарды тәжірибеге келгендердің ішінен іріктеп, өзімізде қалдырамыз. Соның нәтижесінде екі қызметкеріміз ҚазҰТУ-да, біреуі ҚазҒАСА-да, біреуі Е.Гумилев атындағы ЕҰУ-да, екеуі Ресейде аспирантураны бітіріп келді. Екі жас маманымыз техника ғылымдарының кандидаттығына диссертациясын жазып жатыр. Өйткені, біздегі әр зертхананың өз бағыты бар. Қаңқалық темірбетон құрылымдары, металл құрылымдар, қабырғалы құрылымдар деген сияқты. Сондықтан әр зертхана басшысына жас маманды алған кезде қауқары жеткенше дайындап, өзі демалысқа шыққан кезде орнына 1 не 2 адамды дайындап кетуді міндеттедік. 2000 жылдары бізде ең жас маман 47 жаста болатын. Қазір жағдай біршама түзелді.

Қала құрылыс қатынастарының тұрақты даму идеялары бүкіл әлемде сұранысқа ие. Мамандар қолданастығы «ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңда Про Гарлем Брундтланд комиссиясының принциптеріндегі тұрақты даму индикаторларын пайдалануды міндеттейтін бап жоқ дейді. Олардың кейбірі еурокодта қамтылған.

Біздің институтта қадағалау функциясы жоқ. Кез келген мекемені өз бетімізше тексере алмаймыз. Ол бір. Екіншіден, Еурокодты әлемнің 45-тен астам елі мойындаған. Біздің еурокодқа өтуіміздің себебі оның нормалары прогрессивті, икемді және әмбебап норматив болып табылады. Ол тірі организм секілді әрбір үш не бес жылда жаңарып тұрады. Мысалы, қолданыстағы еурокодтардың жаңа өзгерісі жүріп жатыр және жаңа өзгерістері 2024 жылы шығады деген ақпарат бар. Кеңес дәуірінде де құрылыс нормалары әр 5 жыл сайын жаңарып отыратын. Кеңес одағы тараған соң әр ел өз бетінше дамыды. Қазір ТМД елдерінің ішінде құрылыс нормаларына өзгеріс енгізуде біз көшбасшы боп тұрмыз. Еурокодты енгізгеннен кейін 2017 жылы сейсмикалық аймақтағы құрылыстардың жалпы сейсмикалық аймақтандыру картасы жасалды. Мұндай тәжірибе Кеңес Одағы елдерінде бұрын болмаған. Біз бірінші жасадық. Ол карталар еурокод – 1998-ді ескере отырып жасалған.

– Шет елдермен тәжірибе алмасу қаншалықты жолға қойылған?

– Бүгінгі таңда көптеген шетелдік мекемелермен қарым-қатынас жасаймыз. Соның бірі Жапон халқының сейсмикалық изоляция қауымдастығымен жасалған меморандум. 2018 жылы олар бізге келіп лекция оқып, өз жетістіктерімен бөлісті. 2015–2018 жылдары тәжірибе алмасу бойынша бізден жылына бір рет 3-4 маман Жапонияға барып тұрды. Оның ішіне тек біздің институттың ғана емес, Алматы қаласының төтенше жағдайлар департаментінің, қалақұрылыс басқармасының, құрылыс басқармасының мамандары да болды. Жапонияда көп жерде сейсмикалық изоляция – резина металлдық ұстынға орналасырылатын тіреуіштер болады. Жер сілкінген кезде астындағы іргетас

пен жоғары қабаттар қозғалмайды. Тек ортадағы резина ғана қозғалады. Оны біз өзімізге де енгізіп жатырмыз. Наурыз айында Германияның Мюнхен қаласынан Мауер деген компанияның мамандары келіп, тәжірибе алмастық. Осындай шараларды жиі өткіземіз. Оған қаладағы жобалық мекемелердің конструкторларын және басқаларды шақырамыз.

Бүгінгі таңда сейсмикалық аймақтағы құрылыс нормаларында кез келген жаңа құрылыс материалын қолданбас бұрын, эксперименталдық сынақтан өткізу керектігі жазылған. Осы сынақты жасайтын біздің мекеме. Байқағандарыңыздай, 9, 12 қабатты ғимараттардың үстіне сілкігіш машина қойып сілкілейміз. Наурыз айында Шымкент қаласында сондай екі сынақ болады. Олар өндірістік құрылыс саласына жаңа конструкцияны енгізгелі тұр. Соны барып тексереміз. Одан бөлек, бір қаңқалы конструкцияны тексереміз. Ол Қазақстанда құрылыс нарығына әлі енгізілмеген. Сынақтан соң біз осы құрылымды қолдануға болатын-болмайтыны жөнінде қорытынды береміз. Болмаса қандай өзгерту енгізу керек екенін ұсынамыз.

– Сейсмикалық қауіпсіздік бізде қаншалықты сақталады?

Кеңес Одағында құрылыс үйлерінде көптеген қаңқалы жүйелер болған.

Ералы ШОҚБАРОВ,

Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институтының өндіріс жөніндегі басқарушы директоры:

«СЕЙСМИКАЛЫҚ АЙМАҚТА ҚАРЖЫ ЕМЕС, ҚАУІПСІЗДІК БАСТЫ ОРЫНДА»

Менен жер сілкінген кезде Алматыда қанша үй қирайды деп жиі сұрайды. Ол тек Алланың қолындағы іс. Оны мен айта алмаймын. Паспортизация бойынша құрылыс нормаға сай болмаса қирамаса да, бір жерлері құлауы мүмкін. Оны жер сілкінісінде ғана білуге болады. Біз ғимараттарды сілкіп зерттегенде тәжірибелік түрде ғана 9 балдық, сілкініс береміз. Бірақ, ол ғимарат шынайы жер сілкініс кезінде қалай болатынын толық анықтау мүмкін емес. Сосын жер сілкінісінің әр жерде өз ерекшелігі болады. Жапонияға қарағанда біздегі 9 балдық зілзаланың қауіпі жоғары. Оны салыстыруға болмайды. Жер қыртысының тектоникасы бөлек.

Жер-жердегі жер сілкіністерін зерттеген соң біз қазір одан бас тарттық. Зілзала кезінде үйлер төтеп беру үшін Алматыда бүгінгі таңда ғимараттар монолиттік, қабырғалы құрылымдардан салынып жатыр. Түркиядағы зілзалда құлап жатқан үйлердің көбі ригелсіз қаңқалы үйлер. Сыртқы қабырғалары кірпіштен жасалған. Қазақстанда сейсмикалық аймақтардағы құрылыс нормаларында кірпіш бес қабаттан жоғары қолданылмайды. Біз оны алып тастадық. Алматыдағы көпқабатты үйлердің қабырғаларында көбінесе жеңіл конструкциялар қолданады.

– Жапониядағы 7, 3 балдық зілзалда 1 адам көз жұмса, Түркияда 7, 6 балдық зілзалда отыз мыңға жуық адам қайтыс болды. Бұған ондағы сейсмикалық қауіпсіздікті міндеттейтін нормалардың ерікті болуы ықпал етті деген болжам қаншалықты рас?

Түркияның сейсмикалық аймақтағы құрылысты реттейтін нормативтері бар. Біз ондағы құлаған ғимараттардың қалай салынғанын білмейміз ғой. Олар құлап қалған тұрғын үйлер зерттеледі деп айтып жатыр. Егер жобалаушылардың және құрылысшылардың қателігі табылса тиісті жазасын алады деп отыр.

Жасыратыны жоқ, тұрғын үй салып жатқан мекемелер бүгінгі таңда бизнестің адамы. Құрылыс салған кезде ол алдымен өз қалтасын ойлайды. Біз сонымен күресіп келе жатырмыз. Сейсмикалық аймақта үнемдеуге



зерттегенде тәжірибелік түрде ғана 9 балдық сілкініс береміз. Бірақ ол ғимарат шынайы жер сілкініс кезінде қалай болатынын толық анықтау мүмкін емес. Сосын жер сілкінісінің әр жерде өз ерекшелігі болады. Жапонияға қарағанда біздегі 9 балдық зілзаланың қауіпі жоғары. Оны салыстыруға болмайды. Жер қыртысының тектоникасы бөлек. Бірақ жапон халқында сейсмоизоляциямен салынған ғимарат өте көп. Олардың технологиясы дамып кеткен. 1995 жылғы Коба зілзаласында зардап шеккеннен кейін сейсмикалық аймақтағы бүкіл құрылысты 100 пайыз қарап шығып, беріктігін нығайтуға өзгеріс енгізіп, ол мүлтіксіз орындалды.

– Үкіметтен тапсырыс берілсе бүкіл еліміздің қауіпке жауап бере алатынын зерттеуге сіздердің шамаларыңыз жете ме?

– Институттың Жамбыл, Өскемен, Астанада филиалы бар. Егер бір мезетте бүкіл ел аумағын зерттеуге тапсырыс берсе, шамамыз жетпейді. Бізде филиалдарды қосқанда 350 ғана адам бар. Зерттеу жүргізген кезде ғимарат санына қарай адамдарды бөлеміз. Мәселен, Алматы қаласындағы 10 мың ғимаратты құжаттандыруға 70-80-дей адамды жұмылдырдық. Тапсырыс кеш берілгендіктен, тіпті,

ралы ақпарат жоқ. Бірақ паспортизацияның аймағында мың үйдің тозығы жеткі деп бердік. Соны кезекпен бұзып жатыр.

– Сейсмикалық күшейту жұмыстарын не үшін әлеуметтік нысандардан бастадыңыздар?

– Балабақша, мектеп, аурухана сияқты әлеуметтік нысандар зілзала болған кезде барлық елде тамақ беру орны, жайғастыру орны ретінде қолданылады. Мемлекет бірінші кезекте мекемелік ғимараттарды күшейтіп, оларға көңіл бөлуге мүдделі. Өйткені, 100 адам тұратын 9 қабатты үйдің сейсмикалық беріктігін күшейту үшін тұрғындардың бәрін шығару керек. Сондықтан тозығы жеткен үйді күшейткенше, оны бұзып, орнына қауіпсіз жаңа үй салған дұрыс деп ойлаймын.

– Сейсмикалық қауіпті аймақ деп тек Алматы есептеле ме?

– Әрине. Қауіпсіздік шаралары Шығыс Қазақстан, Алматы, Түркістан, Жамбыл облыстарында да жүргізілу керек. Ол жақтарда жағдай қандай екені қазір бізге беймәлім. Мысалы, Түркістан облысында жекеменшік тұрғын үйдің көбі саз балшықтан салынған.

Жасыратыны жоқ, өңірлерде құрылыс нысандарындағы сейсмикалық қауіпті алдын алуда ешқандай жұмыс жасалып жатқан жоқ. Алматы қаласы еліміздегі 9-10 балдық ең қауіпті аймаққа жатады. Сондықтан біз Алматыда орналасқанбыз. 2017–2018 жылдары құрылыс нысандарын құжаттандыру жұмысын бастадық. Оны енді ары қарай өрбіту керек. Мысалы, біздің паспортизацияның қорытындысы бойынша Алматыдағы бағдарламаға өзгеріс енгізіліп, ол әр мекемеде болу керек. Төтенше жағдайлар департаменті, құрылыс нысандарында, архитектурада және тағы басқа да мекемелер өздеріндегі электрондық картаны қолданып, оған күнделікті өзгеріс енгізіп отыру керек. Қазір Алматыдан басқа өңірлерде ол жоқ.

Менен жер сілкінген кезде Алматыда қанша үй қирайды деп жиі сұрайды. Ол тек Алланың қолындағы іс. Оны мен айта алмаймын. Паспортизация бойынша құрылыс нормаға сай болмаса қирамаса да, бір жерлері құлауы мүмкін. Оны жер сілкінісінде ғана білуге болады. Біз ғимараттарды сілкіп

соңғы айларда демалыссыз жұмыс істедік. Біз ғылыми жұмыста пайда табуды ойламаймыз. Қосымша жасайтын жұмыс болғанда оны өзіміз үшін тегін атқарамыз. Мысалы, типтік жобаларға қорытынды беру тапсырыста болмады. Оны өзіміз жасадық. Біліп жүрейік деп өз атымыздан жасап бердік.

– Сейсмикалық аймақтардағы құрылыс нормаларын нақтылай түссеңіз?

– Құрылыс нормаларында 9 балдық аймақта 12 қабатқа дейін ғана рұқсат беріледі. Одан жоғары қабат нормада қарастырылмайды. Әр үйге 9 қабаттан жоғарыға жеке техникалық шарт дайындалады. Ал 10 балдық аймақта 4 қабатқа ғана рұқсат беріледі. Одан кейін техникалық шарт бойынша 6 қабатқа дейін ғана салынады. Одан ары қарай берілмейді. Өйткені, құрылыс нормасында берілген заттардың барлығы жер сілкініс кезінде зерттелген. Құрылыс нысандарындағы қабатты шектейтіміз сондықтан.

– Дегенмен, 40 қабатқа дейінгі нысан да бар ғой бізде?

– 40 қабатты ғимараттарға қойылатын талап өте қатаң. Оған кез келген құрылыс компаниясы шыдамайды. Сіз бұл жерде 38 қабаттық Есентай молды айтқыңыз кеп отыр ғой. Ол жерде біздің институт әр құйылған бетонды, арматураны басынан бастап, аяғына дейін тексерген. Тапсырыс беруші АҚШ-тан болды. Сол кісілерді біз қадағаладық. Әрине мұндай үлкен жобаға ғылыми зерттеу ұйымдары қатысып, қолдаса ғана көп қабатты ғимараттан қорқатын ештеңе жоқ. Мұндай қауіпті ғимараттарға біз сейсмостанция орнатамыз. Ол әр жер сілкінісінде оның тәрбелісін онлайн режимде жазып тұрады. Кейін жазбаны зерттеуге алып тұрамыз.

Жалпы, сейсмикада екі сейсмостанция болады. Біреуі сейсмологиялық, екіншісі құрылыс жөнінде. Сейсмикалық аймақтағы біздің сейсмостанциялар ғимаратқа орнатылады. Онда біз ғимарат беріктігі есеп-қисаппен дұрыс келе ме соны анықтаймыз. Ал Сейсмология институтының сейсмостанциялары жер қыртысын зерттейді.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

Қоғамда алаяқтық оқиғалар санаты азаяр емес. Бүгінгі таңда оның сипаты өзгеріп, интернетке, әлеуметтік желілер мен банк қосымшаларына да ене бастады. Бөтеннің мүлкін жымқыру ежелден халықтық таным-түсінікте де, әділ төрелікте де үлкен қылмыс есебінде айыпталды. Қазақ баласына «біреудің ала жібін аттама, ұрлық жасама, елді алдама» деп өсиет, аманат еткен. Алайда, бүгінгі алаяқтық тамыры үзілмей келе жатқан гасыр дерті.



АЛАЯҚТЫҚ: ҚЫЛМЫСТЫҢ ӨТЕУІ АУЫР

Жалпы, ҚР Қылмыстық кодекстің 190-бабында алаяқтық істің сипаты мен деңгейі сараланады. Алаяқтықты бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе біреудің сенімін теріс пайдалану жолымен бөтен мүлкіне ие болу дейміз. Соңғы жылдары осы санаттағы қылмыстардың артуына байланысты жаза қатаңдады. Алайда, өкінішке қарай оның сипаты да өзгеріп, алаяқтық көп ретте интернет қылмыстарына ұласты. Бүгінгі таңда сотқа келіп жатқан қылмыстар интернет арқылы біреудің мүлкін жымқыру, қаражатын иемдену, әртүрлі қаржылық пирамидалар, біреудің есепшоттарындағы ақшаны алаяқтық жолмен өзге біреуге немесе өзіне аудару секілді қылмыстар. Бұл санаттағы қылмыстарды жасайтындардың жас ерекшелігі мен жынысында да айырма болмай қалды. Қазіргі уақытта алаяқтықпен жастар да, орта жастағылар да, әйел адамдар да, балалар да айналысатын болды. Бірақ, ҚР заңдары әркез жаза басушыларға «алмақтың да салмағы барын» ескертеді. Мәселен, алаяқтық қылмыстар ҚР Қылмыстық

кодексінің 190-бабында мүлкі тәркіленіп, 1000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Алаяқтықтың сипаты өзгергенін сөз басында айттық, бұл қылмыс сонымен қатар топтық сипатта да жасалатынын ескерген жөн. Ол адамдардың алдын ала сөз байласуы немесе шендінің өз қызметін асыра пайдалану, мемлекеттік сатып алулар мен тендерлер айналасындағы алаяқтықтар негізінде жүзеге асып жүр.

Егер айыпталушы осы санатқа жатқызылса, онда оның мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыры отырып не 4000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 1000 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт жылға

дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Қазақ «Дәніккеннен құныққан жаман» – дейді. Өкінішке қарай, жастардың оңай табысқа бірден кенелгісі келетіні, әйел адамдардың сенімге тез кіретіні олардың алдағы бақытсыздықтарына себепкер болуда. Жеңіл жолмен келген ас тамақтан тез өткенімен, оның ертеңгі сұрауы бірнеше жылдардың өтеуіне кететіні өкінішті. Осы тұрғыда, қарапайым азаматтарға да жеңіл жолмен ештеңенің келе қалмайтынын, банктер ешқашан төмендетілген пайызбен, кезексіз несиелер немесе баспана бере қоймайтынын түсінетін кез келді. Кезек жылжыту, таныс арқылы тестерді сатып алу немесе алаяқтық санатына жататын өзге де қылмыстардың соңы ауыр жазаларға алып келетінін түсінетін уақыт туды.

Эльмира УРУНБАСАРОВА,
Алакөл аудандық сотының судьясы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ПРОБАЦИЯ

ЕКІ ЖАҚТЫ КЕЛІСІМ ОҢ НӘТИЖЕ БЕРМЕК



Түркістан қалалық пробация қызметі мен қалалық ішкі саясат бөлімі Жастар ресурстары орталығы арасында түзеу мекемелерінен босап шыққан және бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаға сотталған адамдарға әлеуметтік, құқықтық көмек беру мақсатында екі жақты өзара ынтымақтастық келісімге қол қойды.

Екі тарап жаза басып қателік жасағандар қайта қылмыс жасамас үшін әртүрлі іс-шаралар ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Түркістан қалалық ПҚБ бастығының орынбасары Әділет Ерманов пен қалалық ішкі саясат бөлімі «Жастар ресурстары орталығы» КММ-і басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Намазхан Құдреттолла үстіміздегі жылдың соңына дейін атқарылатын істерді талқылады. Сонымен қатар, алдағы уақытта екі тарап пробация қызметінде

тіркеуде тұрған сотталғандардың заңмен немесе сотпен белгіленген міндеттерінің орындалуын бақылау мақсатында іскерлік қатынасты нығайту бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты нығайту жөнінде осы келісім шартты түзді. – Аталған келісім екі жаққа да тиімді болады деген сенімдемін. Пробация қызметінің есебінде тұратын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетеміз. Сонымен қатар, қаладағы жастармен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп әдісте-

мелік, ақпараттық заң және өзге де көмек көрсету арқылы қалалық пробация қызметі бөлімінің есебінде тұрған адамдар арасында ішкіліксіз, салауатты өмір салтын енгіземіз. Сондай-ақ, тіркеуде тұрғандарды қоғамдық пайдалы жұмысқа қайтару бағытында жұмыстар жүргізіледі. Пробация қызметінің есебінде тұрған жастар санатына кіретін сотталған адамдарға біліктілігін көтеру немесе қайта даярлау курстарынан өтуіне жәрдемдесеміз. Сотталғандарды қоғамға бейімдеу мақсатында әртүрлі көмек қолын созамыз, – деді «Жастар ресурстары орталығы» КММ-і басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Намазхан Құдреттолла.

– Әрине, біздің ең басты мақсатымыз өмірде қателікке ұрынып, пробация қызметінің бақылауына алынған адамдарды қоғамға бейімдеп, олардың қайта қылмыс жасамауына, өмірден өз орындарын табуына жол сілтеу. Үкіметтік және үкіметтік емес мекемелер арасындағы келісімнің арқасында көптеген іс атқарылып келеді. Пробация қызметіне тіркеуге алынған әрбір сотталғанның жағдайымен танысамыз. Олардың отбасына қажетті көмекті көрсетуге тырысамыз. Сонымен қатар, алдағы уақытта жастар ұйымдарының бірлескен жұмыс жоспарын әзірлеу басты назарда. Әкімдікке қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдесу. Сондай-ақ, қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру бойынша құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстваралық комиссиясына қатысу үшін шақыру туралы ұсыныс енгізу болып табылады, – деді Түркістан қалалық ПҚБ бастығының орынбасары Әділет Ерманов.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

КИЕ

АСЫЛ ҚАЗЫНАНЫ АРДАҚТАУ ПАРЫЗ

Тіл – ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырамас белгісі. Қазақ тілін дамыту еліміздің стратегиялық бағыты. Бүгінгі таңда еліміздің тіл туралы саясатын жүзеге асыру мақсатында көптеген ауқымды жұмыстар атқарылуда. Мемлекеттік тіл – тек қазақтың тілі емес, Қазақстанда тұратын барлық ұлттың ұлтаралық, ортақ тілі.

Тілге құрмет – елге құрмет. Біздің тіліміз – ананың ақ сүтімен бойға сіңген асыл қазынамыз, сондықтан да өз тілімізде сөйлеу басты парызымыз. Тілді өркендету – баршаның ісі. Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым. Қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту еліміздің басты басымдығы болып қала береді. Сондықтан-да, мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы едәуір кеңейіп келе жатыр деп айтуға толық негіз бар.

Қазақстанда тіл саясаты мемлекеттік тілді дамытуға және республикада қолданылатын өзге де тілдерге жағдай жасауға бағытталған. Сондықтан қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту және оның әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерін кеңейту ел саясатының басты стратегиялық басымдығы болып қала береді.

Р.АЙТМAMБЕТОВА,
Маңғыстау облысы Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

ПӘРМЕН

ШЕШІМ ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ

Сот актілері қолданыстардағы заңдарда белгіленген тәртіпте дереу орындалуға жататындарын қоспағанда, заңды күшіне енген соң орындалуға міндетті.

Соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін атқару парағы беріледі. Ал, егер де бірінші сатыдағы соттың шығарған шешіміне апелляциялық немесе кассациялық тәртіпте шағым жасалған немесе наразылық білдірген жағдайда, шешім, егер оның күші жойылмаса, онда апелляциялық және кассациялық қаулы шығарылған күннен бастап заңды күшіне енеді.

Заңды күшіне енген соттың шешімі мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, заңды тұлғалардың, лауазымды адамдардың, азаматтардың бәріне бірдей міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында да сөзсіз орындалуға жатады. Үкім орындалмаған жағдайда қылмыстық жауапкершілік жүктейді.

Атқару парақтарының жоғалып кеткені жөнінде Алакөл ауданы-



А. САКЕНОВА,
Алакөл аудандық №2 сотының кеңсе бас маманы-сот отырысының хатшысы

ның №2 сотына акт жолданып жатады. Осындай олқылықтар заңды күшіне енген сот шешімдерінің орындалуына кедергісін келтіреді. Сондықтан кемшіліктерді болдырмау мақсатында жолданған хаттарға уақытылы жауап беріп немесе уақытылы қайтарып тұрса артық болмас еді.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

СОТ КАБИНЕТИ

ЭЛЕКТРОНДЫ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАҢА САТЫСЫ

«Сот кабинеті» – бұл электрондық ақпараттық сервис, ол сот органдарының онлайн сервисіне қолжетімді бірыңғай терезе, сот ісін жүргізуді жеңілдету және азаматтар үшін сот жүйесінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылған. Осы сервис арқылы енді азамат, өзін қорғаушысы, өкілі немесе заңгер кез келген ыңғайлы уақытта, үйінен немесе кеңседен шықпай-ақ, интернет желісі арқылы сот құжатын сондай-ақ, істегі мәртебесін көре алады және сот актісін басып шығарып алуға мүмкіншілігі бар.

Сотқа жүгінген әрбір азамат «Сот кабинеті» арқылы арыз беру үшін «Халыққа қызмет көрсету орталығында» электронды цифрлы қолтаңба алуы қажет. Сот кабинеті сервисі арқылы заңды тұлғалардың мемлекеттік баж төлеу мәселесі шешімін тапты, жеке тұлғаның төлем карточкасы арқылы бажды төлеуі, сондай-ақ, төлем құжатының сканерден өткен көшірмесін беру мүмкіндігі бар. «Сот кабинеті» және «Сот құжаттарымен танысу» электронды сервистері Жоғарғы Соттың ресми сайтында іске қосылған. Аталған қызметтерді электронды цифрлы қолтаңбасы бар азамат тұтына алады. Қазіргі кезде «Сот кабинеті» сервисі арқылы талап арыздар 100 пайыз электронды түрде түседі. «Сот кабинеті» сервисі біртіндеп қағаз құжат айналымынан бас тартуға, ол өз кезегінде соттарда электрондық сот ісін жүргізудің жаңа сатысына көшуге мүмкіндік берді. Жоғарғы Соттың және жергілікті соттардың сайтында «Сот құжаттарымен танысу» сервисі іске қосылған. Аталған сервис сот өндірісінің жеделдігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ҚР Жоғарғы Сотының сайтындағы электронды сот құжаттарымен танысуға мүмкіндік береді. Сотқа жүгінген азамат талап арызы тіркелгені туралы талон алады, бірнеше күннен кейін оның ұялы телефонына оның арызы бойынша сот құжаты шыққаны туралы хабарлама келеді. Бұл ретте азаматтар сот құжатын алуға сотқа барып уақытын кетіріп, қаражатын шығындап, әуреге түспейді. «Сот кабинетінің мобильдік нұсқасы» бүгінгі күні тамаша нәтиже беріп отыр.

Ә. ЖУНТАЕВА,
Шахтинск қаласы Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының бас маманы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

